



БҰЙРЫҚ

2025 жылғы 02 қыркүйек

Саран қаласы

ПРИКАЗ

№ 70

город Сарань

Оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті төрағасының «Типтік перспективалық мектеп мәзірін бекіту туралы» 2024 жылғы 25 желтоқсандағы 135-НК бұйрығы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары туралы 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы, «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ 2025 жылдың 22 тамыз №8-4-8060 хатының Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2025 жылғы 4 наурыздағы № 16 бұйрығымен бекітілген

«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-302/2020 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» бұйрығының 64-тармағына сәйкес, «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарына, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасынан қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиелейтін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазанындағы №598 бұйрығына сәйкес **БҰЙРАМЫН:**

2025 жылдың 02 қыркүйектен бастап, жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1-4 сыныптың білім алушыларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен қарастырылған бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 5-11 сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс ұйымдастырылсын.

1. Білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, тағам үлесінің массасын граммен көрсеткен перспективалық екі апталық мәзір басшылыққа алынсын.

2. Сынып жетекшілер кесте бойынша 1-4 сынып оқушыларын ақысыз тамақтануға апару, оқушылардың тамақтануға бару тәртібі қадағалансын.

3. Мектеп асханасында ата-аналар төлемі есебінен тамақтанатын оқушылардың қолма-қол ақшасыз есеп айырысуы ұйымдастырылсын.
4. Мектептегі оқушылардың тамақтану сапасының жүйелі мониторингін және ыстық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты интернет-ресурстың «Мектепті тамақтандыру» айдарына орналастыру директордың ТЖЖ орынбасары Лаура Аскеровна Амангельдиеваға, әлеуметтік педагог Аяулым Жомартқызы Төлеубековаға жүктелсін.
5. Күнделікті перспективтік ас мәзірін «Білімал» автоматтандырылған жүйесіне енгізілсін.
6. Дәрігер қызметкері Оралсын Советовна Рахимбаева жадынамаға сәйкес талаптарды қатаң түрде орындап, құжаттар жүргізісін.
7. Мектеп асханасында туған күн және басқа да кештердің өткізілуіне қатаң тыйым салынсын.
8. Тамақтануды бақылау және ұйымдастыру, тіркеу құжаттарын жүргізу әлеуметтік педагог Аяулым Жомартқызы Төлеубековаға жүктелсін.
9. Бұйрықтың орындалуын бақылауды директордың ТЖЖ орынбасары Лаура Аскеровна Амангельдиеваға жүктелсін.

Директор



Г.Серикова

Г.Серикова

Таныстырылды: *Амангельдиева* Л.А.Амангельдиева
Төлеубекова А.Ж.Төлеубекова
«02» *ноябрь* 2025 жыл.